

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАҒА КЕЙІПКЕР БОЛҒАН ҚОС ТҮЛҒАНЫҢ ШЫНДЫҒЫ

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

1916 жыл қазақ баласы үшін қасіретті жыл болды десе артық болмас. II Николай патшаның «Июнь жарлығы» қазақ даласына дүрбелең алып келді. Би-болыстар мен жарлы-жақыбайлар арасына іріткі салды. Кедей мен байды бір-біріне қарсы қойды. Бұл әрине 300 жылдан бергі патша саясатының бір көрінісі болды. Өйткені, әрбір ұлт арасында алауыздық туындаса, оларды басқару оңай деген қағиданы басшылыққа алған патша-император, генерал-губернаторлар мен ояз бастығы, қазақтардан сайланған болыс басқарушыларына дейінгі аралықта ойын ойналды. Сол бір патшаның 25июньдегі жарлығы қазақ даласын дүр сілкіндіріп, жұртшылықтың ашу-ызасын туғызды.



Патша әскерінің тыл жұмыстарына бұратана атанған халықтан солдат алуға қарсылық жер-жерде орын алды. Ырғыз, Торғай, Ташкент, Жетісу өңірлерінде қарсылық үлкен іске айналса, Сыр өңірінде бірнеше жерде қарулы қарсылық қақтығыс болды. Біз бүгін сол қақтығыстан кісі өлімі болған қазіргі Қызылорда (бұрынғы Сырдария облысы, Перовскі уезі, Маслов болысында) облысы Жалағаш, теміржол стансасы маңындағы көтерілістің мән-жайына қысқаша тоқталып өтпекпіз.

Жалағашта 1916 жылғы көтеріліс болыс басқарушысының шабармандары, ауылнайлары және кейбір кісілердің отқа май құя түсуінен ауылы аралас, малы қоралас бір рудың адамдарының арасына жік түсіреді. Болыс басқарушысының міндетін атқарушыға дұрыс кеңес берудің орнына сол болыстағы кедей-кепшіктердің балаларын тізімге алып жатады. Біреу сенің төрт балаң да ілініпті, би-байлардың балалары тізімге ілінбей жатыр деген қауесет бүкіл болыстыққа тарап кетеді.

Өзіне жүктелген тапсырманы жедел орындауға үйреніп қалған болыс басқарушысы «Алаш орда» қайраткерлерінің «Қазақ» газеті арқылы қарсылық көрсетпеу керек деп жазған мақалаларын дұрыс деп есептеп, тізім жасай бастайды. Осы тұста тылдағы солдаттық жұмысқа баратындар тізімін

сұраушыларға көрсетпеуінен барып ұрыс-керіс басталып, арты қарулы қақтығысқа ұласады.

Сол тұстағы Маслов болысының уақытша басқарушысы Құлшық Бекбауов (архив жазбаларында Бекбаев) пен Құлжан ұста Шақаев (Жақаев) сөзге келуінен басталады. Өртүрлі ел арасында тарап жатқан сөздерге еріп Құлжан ұста Шақайұлы бастаған қарулы топ 1916 жылдың 25 шілдеге караған күні болыс басқарушысының үйіне басып кіріп, болыс пен писарді өлтірген.

Осы оқиғаны 11 жасында ауылдастарынан естіген Асқар Тоқмағамбетов 1926 жылы Қызылорда қаласында шығатын республикалық «Еңбекші қазақ» газетіне «Құлшық» атты өлеңін бастырады. Аталған өлеңде оқиғаның өріс алуы, кедейлердің жан ашуы, болыс басқарушының жай-күйін өлеңмен берген Асекең мұнан кейін 1916 жылғы тақырыпқа қайта оралып, XX ғасырдың 60-жылдарында жазған «Әке мен бала» романында болыс Құлшықты Сейдехан, Құлжан ұстаны Құрбан ұста деп, оларды кеңестік әдебиеттегі кең тараған тәсіл – кейіпкерлерді жағымды, жағымсыз образ ретінде бір-біріне қарсы етіп көрсеткен.



А.Тоқмағамбетовтың өлеңі мен прозасындағы 1916 жылғы оқиғадан сол кезеңнің ащы шындығын патша шенеуніктерінің арандатушылық қызметін ауылнайлар мен шабармандардың жекелеген билер мен болыстардың бет-бейнесі ашыла түскен.

Архивтегі сарғайған жазбаларды оқымағанымен, 1916 жылғы қайғылы оқиғаға бізден гөрі А.Тоқмағамбетов жақындау өмір сүрді. Оқиғаның көзімен көргендермен кездесіп, сөйлескен. Дегенмен, көркем шығарма – көркем туынды, онда жазушының ой-өрісі, қарым-қаламы, оқиғаны дамыту, бейнелеу орын алады. Кеңестік кезеңнің саясаты ықпалымен жазылған бұл шығарма нақты деректер баяндамаса да, орын алған оқиғаны көз алдымызға келтіреді. Ол – біздер сияқты дәйек пен дерек арқылы жазатындарға үлкен көмек. Анығырақ айтсақ, шығарма бізге Құлжан ұста және оның әулеттерінің туған жері мен Құлшық болыстың отырған жайлауын анықтауға септігі тиіп отыр.

А.Тоқмағамбетов шығармаларынан кедейлердің үйлерінің Сырдария өңіріне жақын орналасқанын және Шеңгелді арық бойында екенін, Құлшықтың «Мұңшұқыр», «Арқашта» отырғаны аңғарылады. Кеңестік кезеңде Құндызды, «Шолақарық» ауылдық кеңестері болып аталып, кедейлер жазаланған жер «Бостандық жол» колхоз атауын алғаны белгілі. Бұл атаулар 1950-1953 жылдарға дейін аталып келді. №22 ауыл Құндызды, 1 май колхозы қазіргі С.Сейфуллин ауылы, №24 ауыл Шолақарық ауылдық кеңсесі болып оған Качанович, Еңбек, Чапаев, Амангелді колхоздары енген. Бұл колхоздар бұрынғы «Тереңөзек» ауданына қараған.

Көркем туындыда Құлшық пен Құлжан ұста жайлы сөз қағысуында: – Асықпа, Сейдехан, сен қанаңа сыймай, жарылуға айналған екенсің...

Тасудың да бір тосуы бар.

Осыны айтты да, Құрбан ашулана үйден тіресе-міресе сыртқа шықты. – Сен кедейді әулетіңмен айдамасам, Сейдехан атым құрысын! – деп, оң жақтағы жастықты алып, сол жағына қояды.

Бұл диалог – әңгімеден екеуінің де мінездері тік болғаны сезіліп-ақ тұр. Ал ауызекі әңгімелерде қыпшақ датқасы Тұрсынбайдың қол астында қызмет етіп, оның тәрбиесін көрген Бекбау балаларын бастап Масбай, Құлшық, Бидастардың Табындарға келіп, ағайын-туыстарымен табысқаны және билікке араласа бастағаны айтылады. Құлшықтың алғыр әрі қайсарлығы мен қатар аңқылдаған кісі болғаны, елге сыйлы екені де сөз етіледі. Оны құрдасы Рысымбеттің Құлшық өлді дегенде «Өлімге қиятын адам ба еді?» – деп қайғырыпты деседі.

Зерттеуші ғалым Гүлзат Смағұлова: «Романның ішінде Аманжол бейнесін толықтыра түсетін образ – Құрбан ұстаның образы. Ол өткір, айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей адам». Ал Сейдехан болыс хақында: «...Сейдехан сияқты болыстардың шаш ал десе бас алуы, осы ызадан келіп халық арасынан шыққан Құрбан ұстаның түнделетіп келіп Сейдехан болысты өлтіруі – ескі ызаның кегі», – деп жазады «А.Токмағамбетовтың ақындық творчествосы» атты кітабында (1965 жылы 87-бет).

Үшіншіден, көркем шығармадан Құрбан ұстаның ел алдындағы беделі «еті тірі» есті болғаны. Оның қолынан кетпен, пышақ, қанжар, шанышқы, тіпті, қылыш та соққанын айта отырып: «...Әкенің өнері балаға ауысып, балаларының темір соқпайтын бірі жоқ.Қайсысының қолы босаса көрікке сонысы жармасады. Балғаны алып, темірді қамырдай илейді. Жалпы жұртшылық аузында «...Құрбан тегін ұста емес, бұған дарыған», – деп жазады. Асқар Токмағамбетов «Әке мен бала» кітабының 36 бетінде: «Құрбанның ұсталығы Сыр еліне тегіс мәлім. «Құрбанның қолынан келмейтін іс жоқ, тек адам соғу келмесе келмейтін шығар, онан басқаны...» – деп жұрт дәріп қылады. Осынау сөздерден-ақ Құлжан ұстаның өнерлі адам болғаны айқындала түседі.

Қазақ ССР тарихының 1957 жылы шыққан I томы және 1982 жылғы III томындағы бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы көтеріліс жайында (470 бетінде): «...Енді бір хабарламада былай деп атап көрсетіледі: 24 июньде (июль) елең-алаңда құрамында 50-ге тарта адамы бар қазақтар тобы болыстың үйіне (Перовскі уезі) шабуыл жасап, болыстың өзін және оның писарін өлтірген де, жер-жерге тарап кеткен. (Өзбекстан архиві). Сондай-ақ осы томда әскери далалық сот көтеріліске қатысушыларды өлім жазасына кескен, бұл жаза каторгалық жұмыстармен ауыстырылған, – деп жазған. Ал Өзбекстан республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 1-қоры, 31 тізбесінің 1143 ісінде былайша жазылған: «25 шілдеде Перовскі уезіндегі Маслов болысында 50-ге жуық қаруланған қазақ қасакана болыс Құлшық Бекбаев (ата-тек шежіреде Бекбауов) пен оның іс-қағазын жүргізушісі Жүсіпназар Айымбетовты өлтірген. Қарсылық көрсеткендер: Әбдікәрім Құлжанов(Құлжан ұстаның баласы) Шеген Төлепов, Сүлеймен Сартаев, Кенжеғұл Жақаев, Құлжан Жақаев (Жақай емес Шақай Т.Д.) Остап

Сүлейменов, Сыздық Остапов және т.б. болды. Негізгі қарсылық көрсеткен 7 адам Түркістан әскери округі сотының шешімімен әскери уақыттағыдай жазаға тартылып, айдауға жіберілді». Сондай-ақ, шілде айында Жалағаш теміржол стансасынан 15 шақырым жерде қазақтар болыс басқарушысы мен болыс іс-қағазын жүргізушісі өлтірілген (бұл қорда сақталынған -Т.Д.). Мылтық, қанжар қолданғаны және олардың бірнеше жерден жараланғаны жазылған.

Қылмысты деп табылған адамдарға берілген жаза «Приговор: По указу его императорского величества 1916 года сентября 6-го дня особый временный военный суд городе Перовске, под председательством полковника Закамельского в закрытом судебном заседании и котором присутствовали временные члены: полковник Залесский, подполковник Меринов и Бек – слушали дело о киргизах Масловского волости Перовского уезда. Кульджане Джакаева, Кинджагуле Джакаева и друг. в числе 7 человека преданных Туркестанскому Военно-окруживых суду командующим войсками Туркестанского военного округа.

Обсудив в совокупности все обстоятельства деле суд признал виновными подсудимых», – деп олардың есімдерін жазған.

Құлшық Бекбауовтың есімін 1868 жылы түтін пұл жинау тізімінде бірінші рет кездестірсем, екінші деректе (1905-1906ж) оның жасының 58-де екенін және Маслов болысында тұратынын, арабша сауатты екенін жаза отырып, отбасында 8 баласы барын, оның үшеуінің қыз бала екенін нақты көрсеткен. Егін, мал шаруашылығымен айналысқанын, 10 түйе, 12 жылқысы мен 150 қой, 10 сиыр болғаны айтылған. Осы жылдарда Құлшық Бекбауов халық соты қызметін атқарған. Үшінші дерек 1916 жылы оқиға тұсы. Осы жылдары Маслов болысының уақытша басқарушысы қызметінде болғаны архив құжаттарында расталады.

Ауызша әңгімелерде Қыпшақ Тұрсынбай датқаның қарауында болып, тәрбиесін алғандығы, Датқадан алған тәрбиесі мен Жалағаштағы туыстар арасына келгені, ел азаматтары мен аралас-құралас болғандығы жиі айтылады. Тұрсынбай датқа Бекбауды «Бегім», Құлшықты «Құлшығым, Қыпшақбайым» деп еркелетеді екен. Сондықтан, Бекбау ұрпақтары күні бүгінге дейін ел аузында «Датқаның балалары» деп аталып жүр. Құлшықтың інісі Бидас – Табын биі Мысықтың қолдауымен Байзақ болысының басқарушысы болған. Ал Құлшықтан туған Баймаханды тілді адам деп атайды. Бүгінде Құлшық болыстың шөберелері қазақ еліне танымал азаматтар. Ел тәуелсіздігінің берік болуына адал еңбек етуде.

Бидас көз тиіп, қайтыс болып, Жезқазған аумағындағы «Азат» (Жылқыбақ) төбесінде жерленген. Ол жер бүгінде «Бидас төбесі» деп аталатын көрінеді. Ол төбеде Бидастың ағайындары Қасымбай, Шоқпарбай, Айтуған, Тоқтарбайдың да жамбасы тиіпті.

1868 жылғы архив дерегінде Құлшық пен Наспайдың тегі жазылған. Демек 1868 жылы Бидастың жасы 18-ге толмаған, болмаса үйленіп жеке шаңырақ құрмаған Табынның Бозымынан бастау алатын Барлыбай табыннан Есембет, одан Құрман, Құрманнан Жаңабай, Елкей туған. Жаңабайдың Прен

атты баласынан Байторы, одан Бекбау, Байсары. Бекбаудан – Масбай, Құлшық, Бидас. Бидастан – Сырлыбай тарайды. Ауызша шежіреде Құлшықтың әкесі Бекбау делінсе, архив жазбаларында Бекбаев болып жазылған. Кедей болса да жұртшылық алдында беделді Жалағаш, Тереңөзек өңірінде Құлжанұста атанған азамат туымдылық жасап патша жарлығына қарсы жігіттерді бастап шыққан. Сөйтіп ағайыны, болыс басқарушысы Қ.Бекбауовтың өліміне әкелген ұрысқа қатысушы ғана емес, басқарушы да. Бұл тұста оны ашындырған ашу мен ыза жете ойлауына мүрсат бермей, ашуын алға шығарғандықтан адам өліміне ұласқан көтеріліс орын алады. Оның үстіне әскердің тылдағы жұмысына әскер алу тізімін көздерімен көрмей, арадағы сөз тасушылардың, ағайынның арасына жік түсірудің құрбаны болғанын ұстада білмей қалған сияқты. Бұл оқиға қазіргі Жалағаш ауданына қарасты Бостай, Ақсу бұрынғы Тереңөзек ауданындағы Құндызды, «Бостандық жол», «Шолақарық» маңында өрбіген сияқты.

Ауызекі әңгімелер мен көркем туындыдан Құлжан ұста Шақайұлының (архив жазбаларында Жақаев болып жазылған. – Т.Д.) ерен ісі мен қайтпас қайсарлығымен қатар, адамдарға сенгендігі де байқалып қалады.

Құлшық пен Құлжан ұста жақын ағайындар болып келеді. Сол Барлыбай Табынның Еспембетінен Құдайберген туады. Құдайбергеннен – Үсен – одан Шақай. Шақайдан – Құлжан (ұста), Кенжеғұл.

Патша шеңгелінен әзер құтылған Шақай әулеттерінің бүгінгі ұрпақтары да еліміздің тәуелсіздігін сақтау жолында ел игілігіне қызмет жасауда.

Архивтегі жазбаларда Қ.Бекбауовтың арабша сауатты екенін жазған. Олай болса сол тұстағы қазақ билері мен зиялы қауым өкілдерінің басым көпшілігі мобилизацияны қолдап, мақұлдаған және «Қазақ» газеті бұл науқанды жақтап, үгіт жүргізіп, мақалалар жариялаған. Сауаты бар Құлшық болыс та газетті оқып, патша жарлығына мойынсыну дұрыс деп тапқан сияқты. Ал Құлжан ұста ашу мен ызаға бой алдырып, оқыс қадам жасаған. Қоғам қайраткері Сейіткерей Усабаев бір әңгімесінде: ... «Құлшық пен Бидасты бірнеше рет көріп, сөйлескенмін. Бірде Құлшық болыстың газет оқып отырып біздерге «мына газетте былай жазыпты деп айтатын», – деген С.Усабаевтың дерегі шындық. Ол 1898 жылы туған әрі Байзақ болысында 1921-1922 жылдары қызмет атқарған.

Кейінгі ұрпақтар білсін деген мақсатпен мына деректерді келтіре кеткенді жөн көріп отырмын: Бекбау, Құлшық, Дәуренбектер «Ақсу» мен Қалжан ахун ауылының маңындағы «Арқашта», Баймахан, Құлмахан, Жалағаштағы орталық қорымға, Сырлыбай «Шалбас» мұнарасы төңірегіндегі қорымға жерленген. Масбай 1841-1843, Құлшық 1846-1847, Бидас 1855-1856 жылдар шамасында, Баймахан 1898-1900 жылдары өмір сүрсе, Мәдібай – 1921, Бименді 1923 жылы өмірге келген. Ал, Шақайұлы Құлжан ұста 1916-1917 жылдары Ташкенттегі Көкелташ маңында дарға асылса, Кенжеғұл айдаудан аман келіп, 1945-1946 жылдары қайтыс болып, Қалжан ахун қорымына қойылған. Құлжанов Әбдікәрім сол айдаудан оралмапты. Құлжанның Баймахан атты баласы 1967-1969 жылдар шамасында өмірден өткен,

Қызылордадағы ескі орталық қорымға жерленіпті. Ағайынды Құлжан мен Кенжеғұл 1843-1850 жылдарда туса керек.

Құлшық пен Құлжан ұстаның бүгінгі ұрпақтары бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруде. Жалпы бұл іске бұйрық берген әскери қолбасшы, генерал-адъютант Куропаткин қол қойған. 1916 жылдың 29 қарашасындағы айыптау актісінде бұл көтеріліс жайлы егжей-тегжейлі баяндалған. Құлшықтың әйелі Исагүл, баласы Баймұхаммед (Баймахан) т.б. адамдардан жауап алу түсініктері, айыптау қорытындысы көрсетіліп, Ташкент әскери прокурорының көмекшісі қол қойып, бекіткен. Ал, Асқар Тоқмағамбетовтың «Құлшық» және Құрбан ұста жайлы өлеңдері мен әңгімелерінен және ел аузындағы әңгімелерде екі тұлғаның да өз заманында ел сөзін ұстаған азаматтар болғанын нақтылай түседі. Көркем шығармаға кейіпкер болған қос кейіпкердің өмірі жайындағы шындық осы. Олар патшалық Ресейдің қазаққа жүргізген кесір саясатының құрбандары.